

идентичности.

Анализ патриотических нарративов и советизации казахской фронтовой пропаганды во время Великой Отечественной войны, проведенный Роберто Дж. Кармаком, еще раз демонстрирует, как конструированием идентичности манипулировали в политических целях.

«Целебные силы: медицина и империя в сталинской Центральной Азии» Паулы Майклс исследует, как советские власти использовали медицинскую политику и политику общественного здравоохранения для установления колониального контроля над казахами, в то время как «Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане» Роберта Киндлера предлагает душераздирающий отчет о принудительной оседлости и коллективизации казахов. казахские кланы и катастрофические последствия этой политики.

Каждая из этих работ вносит уникальный вклад в наше понимание сталинского периода в Казахстане, раскрывая сложное взаимодействие политики, идеологии, идентичности и здоровья в советском проекте. Западная историография этого периода, благодаря совместным усилиям этих ученых, постепенно собирает воедино многогранный нарратив о прошлом Казахстана, который продолжает формировать его настоящее и будущее.

Список использованной литературы:

- 1 Cameron S. The hungry steppe: Famine, violence, and the making of Soviet Kazakhstan. – Cornell University Press, 2018.
- 2 Barnes S. A. Death and Redemption //Death and Redemption. – Princeton University Press, 2011.
- 3 Yilmaz H. National identities in soviet historiography: The rise of nations under Stalin. – Routledge, 2015.
- 4 Yilmaz H. History writing as agitation and propaganda: the Kazakh history book of 1943 //Central Asian Survey. – 2012. – Т. 31. – №. 4. – С. 409-423.
- 5 Clarke J., Seksenbayeva G. Visualizing history: The ‘soviet Kazakhstan’ newsreel series //Historical Journal of Film, Radio and Television. – 2018. – Т. 38. – №. 2. – С. 263-273.
- 6 Carmack R. J. History and hero-making: Patriotic narratives and the Sovietization of Kazakh front-line propaganda, 1941–1945 //Central Asian Survey. – 2014. – Т. 33. – №. 1. – С. 95-112.
- 7 Michaels P. Curative powers: medicine and empire in Stalin's Central Asia. – University of Pittsburgh Pre, 2003.
- 8 Kindler R. Stalin's nomads: power and famine in Kazakhstan. – University of Pittsburgh Press, 2018.

САЯСИ ЛАГЕРЬЛЕР МЕН ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Есенбаев А.Д., 1 – курс магистранты,
ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Қарсыбаева Ж.А.**
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Тарих факультеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Саяси лагерьлер – кеңестік тоталитарлық қоғамның қылмысын әшкерелейді. Олардың үстерінен заңсыз қозғалған қылмыстық істерді ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы

кеңестік тоталитарлық қоғамның адам құқығын аяққа басқан саясатын анықтау толыққанды болғаны жөн. Соның ішінде, саяси тұтқын ретінде түрмеге тоғытылған адамдардың әлеуметтік құрамын, жас ерекшеліктерін, тергеу амалдарын, лагерьдегі жағдайын, тұрмыс-тіршілігін жан-жақты зерттеу уақыт талабы болып отыр.

Тәуелсіздік алған соң мұрағаттағы дерек көздеріне зерттеушілердің қол жеткізуі сталиндік кезеңнің ақиқатын танып-білу арқылы сапалы зерттеулердің жариялануына әкелді. Идеологиялық догматтан босау қазақстандық ғалымдарға кеңес уақытында тыйым салынған мәселелерді зерттеуге мүмкіндік берді. Ғылыми айналымға зерттеушілерге бұрын қол жетімсіз болған деректердің кең ауқымды көлемі енгізілді. Бұл Қазақстанда орналасқан лагерьлерді ауқымды зерттеуге көмек береді. Сондай-ақ, куәгер болған жазықсыз жапа шеккендердің де естелік-мемуарлары да жарыққа көптеп шықты. Алайда, кәсіби ғалым тарихшы ретінде осы деректерді талдап, жүйелеп, саралап, тарихтың шынайы келбетін қалпына келтіру өзекті болуда.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ширек ғасыр уақыт өтсе де, әлі күнге дейін зерттеушілер жаңадан ашылған ірі көлемдегі құжаттарды игерудің басында тұр. Соның ішінде, КСРО ГУЛАГ еңбекпен түзету лагерьлер жүйесінің 1938-1958 жж. бір бөлігі болған Карлаг Алжир Степлг сынды лагеріне тікелей қатысты деректерді жүйелеп, өңдеп, ғылыми айналымға енгізу зерттеушілердің міндеті болды. 1990 жылдың басына дейін тақырыпқа байланысты кейбір мәселелер ғылыми ортада емес, БАҚ беттерінде жарияланды. Содан көптеген қауесеттер пайда болып кетті. Сондықтан бүгінгі таңда лагерьлердегі өмірді ашатын жаңа құжаттарды ғылыми айналымға енгізіп, соның көмегімен лагерьлер жүйесінің тарихын реконструкциялау, мәжбүрлі еңбек еткізудің тетіктерін ашуға арналған зерттеулер өзекті болып отыр.

Соңғы жылдары аталған тақырыптың кейбір қырларын ашатын бірқатар еңбектер жарыққа шықты, алайда толыққанды, ғылыми түрде жүйеленген зерттеу жоқтың қасы. Сондықтан, отандық тарихтың алдында халық жауы, ұлтшылдар, жапон тыңшысы және отанын сатқан әйелдер лагері мысалында мемлекеттік қуғын-сүргіннің әртүрлі құралдарын пайдаланған (арнайы қоныстар, түрмелер, лагерьлер) кеңестік тоталитарлық жүйенің қызметін талдап, шашырап жатқан мәліметтерді бір жүйеге келтіру мәселесі қажеттілік болып отыр. Себебі, зерттеулерде Қазақстандағы жекелеген лагерьлердегі сотталғандардың өмірі мен кейінгі тағдыры толықтай көрініс таппаған.

Шетелдік тарихнамада ПХК–ІМ лагерьлі-шаруашылық кешендері аудандық архивтер негізінде аумақтық бөлімшелерінің тарихы арқылы зерттелінген. Мәселен, Е.Бекон мен [1], В.Хеделер және М.Старк [2] еңбектерінде Қазақ КСР аумағындағы Карлаг лагерінің тарихы туралы жазылған. Бұл лагерьдің экономикалық жағынан ауыл шаруашылық өнімдерін жасаумен және өндіріс орындарына пайдалы табиғи байлықтарды (көмір, мыс, марганец, т.б.) қазуға сотталғандарды жіберумен айналысқанын баяндайды. Зерттеушілердің есептеуінше, Қарағанды еңбекпен түзету лагерінің 30 жылдық қызметі барысында шамамен 800 мың адам өткен. Аталмыш еңбектің артықшылығы, авторлар Карлаг басқармасының үлкен көлемдегі архивтік құжаттарымен қатар жапа шеккендердің де естеліктерін ұштастыра отырып зерттеген. В.Хеделер өзінің зерттеу жұмыстарын кеңейтіп, толықтырып, 2010 жылы Қарағанды мен Сібір лагерлерінің 1939-1960 жылдар аралығындағы қызметіне арналған еңбегін шығарған [3]. Себебі, бұл екі лагерь де ПХК–ІМ қарамағындағы ауыл шаруашылық өнімдерін жасайтын басты орындар болды. Сондықтан, кітапты ГУЛАГ-тың экономикасын аудандық және арнайы салалық кеңістікте сипаттайтын еңбек деп айтуымызға болады.

Бәрімізге мәлім, кеңестік репрессиялық машина қоғамдық-саяси көшбасшылардың, ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдерін, сол заман интеллигенциясының жарық жұлдыздарының өмірін қиып, жекелеген тұлғалар ғана емес, олардың отбасыларының, ұрпақтарының тағдырын ойран қылды.

1993 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің «Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы» заң қабылдауы, аталмыш тақырып төңірегіндегі

зерттеулердің көбеюіне жол ашты [4]. 1990 жылдары сталиндік лагерлердің тарихына арналған еңбектер саны өсті [5-6]. Бұл тақырып ГПУ-ОГПУ-НКВД жазалаушы органдар материалдары зерттелгенде ғана, сол кезеңдегі репрессиялық аппарат жүйесін анықтауға болады.

А.С. Канның айтуынша репрессия туралы Ресейлік әдебиеттерді, олардың сипаты мен жанрына сәйкес негізгі екі топқа бөлуге болады. Олардың ішінен кеңінен таралғаны эмоциональды және әдеби үлгідегі, архив құжаттарына сілтеме нақтылы көрсетілмеген публицистикалық әдебиеттер болып табылады. Ал, саяси қуғын-сүргін және оның заңдылығы туралы, қудалауға тап болған кәсіби, этникалық, әлеуметтік топтар және өзге де мәселелерге қатысты ғылыми зерттеулер аз [7, 121-123 б.].

Сталинге дейінгі кезеңдегі репрессия тарихы да жан-жақты зерттеле бастады [8-9]. Қазақстандық тарихнамада республикадағы саяси қуғын-сүргіннің 1917 жыл мен 1950 жылдың басына дейінгі кезеңдегі тарихы кеңінен жазыла бастады [10-11].

Мұрағаттағы дерек көздеріне зерттеушілердің қол жеткізуі сталиндік кезеңнің ақиқатын танып-білуге, яғни сапалы зерттеулердің жариялануына әкелді. 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін ауқымы өте кең, мәселен, Гитлердің қуғын-сүргін саясаты тұсында 2000 немістер тұтқындалса, ал КСРО-да 1935 жылдың қаңтары мен 1941 жылдың шілдесі аралығында 19 млн. 840 мың адам репрессияға ұшырап, оның 7 млн. ату жазасына кесілген [12, 165 б.].

1993-2000 жж. аралығында куәгерлердің естеліктері негізінде жазылған мақалалар саны көптеп жарық көрді [13-14].

2000 жылдан кейін әдебиеттер мазмұны да жылдан-жылға өзгеріп, журналистік мақалалардың орнына ғылыми негіздегі академиялық зерттеулер, яғни деректер негізінде жазылған көп томды еңбектер жарық көрді. Сонымен қатар облыстардан шығарылған «Азалы кітап-книги скорби» [15-16] жазықсыз саяси қуғын көргендердің аты-жөндерін тарих бетінде мәңгілік қалдырды.

Алайда, әдеби үлгідегі, мұрағат құжаттарына сілтеме нақтылы көрсетілмеген публицистикалық, эмоциональды әдебиеттер кеңінен жарияланғанымен, саяси қуғын-сүргін және оның заңдылығы туралы, қудалауға тап болған кәсіби, этникалық, әлеуметтік топтар және өзге де мәселелерге қатысты ғылыми зерттеулер саны көп емес.

С.Д. Шаймуханова мен Д.А. Шаймуханов өз еңбектерінде сталиндік лагерьлер тарихын зерттеген [17]. С.Д. Шаймуханованың еңбегінде ІХК қызметкерлерінің көпшілігінің заңсыз іс-әрекетке барғандығы, ГУЛАГ-тың Кеңес мемлекетінің ішіндегі ірі империяға айналғандығы айтылады.

Диссертациялық зерттеуінде Г.А. Жұмасұлтанов КСРО-дағы тоталитарлық тәртіптің орнауы, ұжымдастыру, астық дайындау науқандары барысындағы саяси қуғын-сүргін тарихын тереңнен қозғаған. Мәселен, Тұрар Рысқұлов, Әлімхан Ермеков және өзге де зиялылардың қуғындалу тарихына тоқталған [18].

Д.Ш. Орынбаева өзінің «Политические репрессии в Казахстане в 1937-38 годы: сравнительно-исторический анализ проблемы» деген диссертациялық еңбегінде «Үлкен террор» жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеген [19].

Осы тақырып төңірегінде республикалық және облыстық деңгейдегі мерзімдік басылым беттерінде 1925-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге қатысты көптеген мақалалар жарияланғанын айту керек [20-21].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен 1997 жыл «Жалпыұлттық келісім мен саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу жылы» болып аталынды. Саяси қуғын-сүргінге жазықсыз ұшыраған тұлғалардың жас ұрпақтың мәңгілік есте сақтауы үшін 31 мамыр саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күні деп белгіленді. Осыған байланысты саяси қуғын-сүргіндерді еске алу күніне орай репрессияға ұшырағандар, туралы бірқатар естеліктер, арнаулы мақалалар баспасөз беттерінде жарияланатын болды.

Кеңестік тоталитарлық қоғамның адам санасына салған зардаптары әлі күнге дейін жаңғыруда. Саяси қуғын-сүргіннің толық көрінісін қалпына келтіру, сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз қудаланып, жазаланып, азап шеккендердің қасіретті тағдырын және олардың ұрпақтарының тағдырын толыққанды және жүйелі зерттеу қажеттілігін дәйектейді.

Өткен тарихымыздағы ұмытылмас, халық жадында «әділетсіз жара» ретінде сақталуға тиісті, қоғамдық өмірдегі орны мен рөлін анықтауда тарихи сабақ бола алатын оқиғаны ұмытпау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Bacon E. The Gulag at War: Stalin's Forced Labor System in the Light of the Archives. – London: Macmillan, 1994. – 122 p.
- 2 Hedeler W., Stark M. Das Grab in der Steppe. Leben im Gulag: Die eschichte eines sowjetischen «Besserungsarbeitslagers» 1930-1959. – Paderborn, 2008. – 201 p.
- 3 Hedeler W. Die Oekonomik des Terrors: Zur Organisationgeschichte des Gulag 1939 bis 1960. – Hannover: Offizin, 2010. – 189 p.
- 4 Верховный Совет Республики Казахстан. О введении в действие закона Республики Казахстан о реабилитации жертв массовых политических репрессии: Постановление от 14 апреля 1993 г. // Вечерний Алматы. – 1993. – 26 мая. – С.11.
- 5 Гинзбург Е.С. Крутой маршрут: Хроника времен культа личности. – М.: Книга, 1991. – 734 с.
- 6 Хлевнюк О.В. Принудительный труд в СССР. 1929-1940 // Свободная мысль. – 1992. – №2. – С. 73-84.
- 7 Кан А.С. Постсоветские исследования о политических репрессиях в России и СССР // Отечественная история. – 2003. – №1. – С. 115-123.
- 8 Стецковский Ю. История советских репрессии. 1917-1995. – М.: МГОУ, 1997. – 250 с.
- 9 Красная книга ВЧК / Под. ред. А.С. Валидова. – М.: Политиздат, 1990. – 250 с.; Так это было. Национальные репрессии в СССР. 1919-1952. – М.: Политиздат, 1993. – 280 с.
- 10 Козыбаев М.К. История и современность. – Алматы: Ғылым, 1991. – 256 с.
- 11 Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. – 1989. – № 7. – С. 10-25.
- 12 Кауль Т.Н. От Сталина до Горбачева и далее. – М.: Прогресс, 1991. – 224 с.
- 13 Нұрпейісов К. Бір әулеттің қасіреті // Жетісу. – 1997. – 5 қыркүйек. – 9 б.
- 14 Тасымбеков А. АЛЖИР-ден ескен жел // Заң газеті. – 1997. – 16 мамыр. – 8 б.
- 15 Хранить вечно. Книга памяти жертв массовых политических репрессии 30-40-х и начале 50-х годов. Ақмолинская область. Ч.2. «Узницы Алжира и Карлага». – Астана, 2001. – 503 с.
- 16 Азалы кітап – Книга скорби (Оңтүстік Қазақстан бойынша). – Алматы: Зерде, 1998. – 292 б.
- 17 Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане 1930-40-е и начало 50-х гг. – Караганда, – 2000. – 160 с.
- 18 Жумасултанова Г.А. Политические репрессии в условиях тоталитарного режима (20-е начало 50-х годов): Автореф. дис. ... канд. истор. наук. – Караганда, 1999. – 30 с.
- 19 Орынбаева Д.Ш. Политические репрессии в Казахстане 1937-1938 гг: сравнительно-исторический анализ проблемы: Автореф. дис. ... канд. истор. наук. – Алматы, 1999. – 30 с.
- 20 Тәкенов Ә. Ату жазасына кесілген ару // Егемен Қазақстан. – 1997. – 8 қаңтар. – 3 б.
- 21 Құсайынұлы К. Мертвые дети Казахстана: (о жертвах большевистских реформ) // Экспрес К. – 2001. – 10 август. – 11 с.